



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

selesinde-sheshushi-r-l-ojnady

5. <https://nv.ua/world/geopolitics/kak-kndr-i-juzhnaja-koreja-pytajutsja-ispolzovat-olimpiadu-v-politicheskoy-ihre-2451875.html>

6. http://www.akorda.kz/kz/speeches/external_political_affairs/ext_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevtyyn-buu-kauipsizdik-kenesinin-zhappai-kyryp-zhoayatyn-karudy-taratpau-senim-sharalary-atty-otyrysynda-so

ОӘЖ 930.1

АНГЛИЯНЫҢ ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫ АЙМАҒЫН ОТАРЛАУ САЯСАТЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҒЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Сағынбек Айзере Айдынқызы

Aizere.sagynbek99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының 2 курс студенті,

Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі- З.С.Ильясова

Парсы шығанағындағы Ұлыбританияның жүргізген сыртқы саясаты тек тарихи жағынан емес, саяси тұрғыдан да өзекті болып табылады. Жалпы тарихи Парсы шығанағы аймағы: солтүстік-батыстан, оңтүстік шығысқа созылып жатқан Үнді мұхитының ауқымдылығымен маңызды болды. Бұл жағдайда Үндістан территориясына еш қиындықсыз шығуға болатын еді. Ұлыбританияның шикізатқа деген сұранысының артуына байланысты отарлық саясат белсенді түрде дамыды. Ұлыбритания Парсы шығанағына әсер етудің түрлі әдістерін қолдана отырып, үнемі өз саясатын өзгертіп отырды. Сонымен қатар, Парсы шығанағы аймағының саяси жағдайы, мемлекеттің субрегиондарында болып жатқан саяси режим және олардың ішкі саяси ориентациясы, елдердің экономикалық эволюциялық процесі әлем қоғамының баса назарын аудартқан болатын. Бұл жағдайлардың барлығы Парсы шығанағы елдерінің АҚШ пен Батыс Еуропаға қаржылай донор болуына себепкер болды.

Парсы шығанағы елдеріне елеулі әсер еткен ол XV-XVI ғасырлардағы ұлы географиялық ашылуларымен, Батыс Еуропа елдерінің колониалды саясаты. Еуропалықтар географиялық ашылулар нәтижесінде жаңа жерлерді игергенімен, сол жерлердегі халықтың рухани байлығын игеруді қажет деп санамады. Біреудің есебінен баюға көз тіккендер қатарында: бірінші еуропалық мемлекет ол Португалия болды. Осы мақсатпен португал саудагерлері экспедицияларды Африка жағалауларына жасақтап, 1442 жылы құлсаудасын бастаған болатын. XVI ғасырда Васко де Гамма географиялық ашылуының есебінен, португалдықтарға Аравия теңізінен маңызды тірек пункттерін алуға мүмкіндік туды. Альфонсо де Альбукеро адмиралы басшылығымен келген португалдық армаданың негізгі мақсаты, Үндістанмен Қызыл теңізден шығып тұрған теңіз жолын жаулап алу еді. Сол себептен ол ең бірінші Шығыс пен Батыс арасындағы ең маңызды сауда орталығы Ормузды жаулап алуды жөн көрген болатын [1, 101 б.]. Біраз уақыттан кейін Альбукеро Үндістанның және сонымен қатар Парсы шығанағының вице-королі ретінде саналды. Әрине бұл жағдай ұзаққа созылмады. Олардың тыныштығын саяси аренада пайда болған османдықтар бұзды. Оның бірден-бір себебі ол: осы Португалдықтармен және ағылшындармен күресе отырып араб тайпалары кей жағдайда түрік көмектерінен бас тартқан жоқ. Солай XVI ғасырда Португалия жағдайы Испания қарамағына кіру есебінен өзгерді. Ал ендігі тұста батыс Еуропа елдерінің ішіндегі және капиталистік дамуға біртіндеп көшіп келе жатқан ең ықпалдысы ол Англия еді. Е.В. Торле атап өткендей: «Бұрынғы көңілді Англия, крестьяндиканшылар, рыцарлық бекіністер, монастырлар, кішкентай сауда орындары барлығы өткенге кетіп барады. Оның орнына саудагерлер, теңізшілер, кедей-кепшіктер Англиясы келе жатыр» [2]. Кейінгі 1622 жылдардағы Парсы шығанағындағы Португалдықтармен, Ағылшындардың келіспеушіліктері және Ормузды капитуляциялаулары шығанақтағы

Португалдықтардың мүлдем жойылуына әкеп соқтырған болатын. Осы тұста XVI ғасырдың ең бірінші ағылшын сауда орындарының пайда болуын (Нью-Фаунленд, Виргиния) және Шығыс елдеріндегі колониалды экспансияның басталуын атап өту керек. XVIII ғасырда Ұлыбритания біртіндеп «Арабия державасына» айнала бастап, Осман империясының қас жауына айналды. Сөзсіз, Англияның бұл теңіз жолдарына қызығушылық танытқан себебі: бұл теңіз жолдары Үндістанға бірден-бір жол ашатын стратегиялық жағынан өте маңызды кілт еді. Міне осы себептен, Англия бұл жолдардың қауіпсіздігіне баса назар аударды. Англия Парсы шығанақ терминін қарастыру барысында, оның құрамына шығанақтың тек араб, Шатт-аль-Араб теңізінің төменгі ағысын және Оман бұғазының екі жағалауын қосты. Ең бірінші ағылшындар орбитасы ықпалына Маскаттық сұлтанат, кейін көршілес Оман түскен болатын. Егерде Парсы Шығанағы Месопотамия мен Персияға салынған қақпа болса, ал Оман шығанақтың өзіне жүргізілген қақпа еді. Сондықтан Маскат сұлтанатының маңыздылығы жоғары болды. Оманның біршама ғасырлық экономикалық дамуына географиялық факторы әсер етті. Сол себептен болар Оман жиі халықаралық бәсекелестік аренасына айналып отырды [2]. Бірақ Англияны бұл ғана емес аумақтағы сұлтандардың биліктегі әлсіздігі де бірден-бір себеп болды. 1798 жылғы ағылшын-омандық келісім шартына қол қойылғаннан кейін, Лондон өте батылды, байыпты түрде қозғала бастады. Пайда болған британдықтар эскадрасы жағалауда қауіпті акциялар жүргізе бастады. Сонымен 1820 жылы 8 қаңтарда генерал-майор сэр Уильям Грант Кейр және шейх Шахбут Рас-эль-Хайма, Абу Даби, Дубай, Шарджа, Аджмана, Умм-эль-Кайван басшылары атынан «Бейбітшілік туралы келісімшартқа» қол қойды. Бұл келісімшарт барысында қарақшылыққа және Англия флотына қарсы шығуға тыйым салатын бірқатар баптардан тұрды. Кейін ол «Келісімді Оман» деген атқа ие болды. Келесі онжылдықта Ұлыбритания осы аймақта өзінің ұстанымдарын күшейте түсті. Порты билігінің әлсірегенін пайдаланып, 1839 жылы Аден портын басып алады. Олар Келісімді Оманды Омандан ажыратып алу үшін қолдарынан келгендерін істеп бақты. Соның есебінде 1843 жылы теңіздегі әскери іс-әрекеттерді тоқтату жайында бірінші келісімшарт әзірленіп, осы құжатқа байланысты 6 кіняздік: Рас-эль-Хайма, Абу Даби, Дубай, Шарджа, Аджмана, Умм-эль-Кайван Ұлыбритания юрисдикциясына түсті. Атап өтетін тағы бір маңызды тұсы ол Саид бен Сұлтан кезінде (1807-1856) елдің мықты орнығуы. Ал оның қазасынан кейін оның иеліктері екі ұлына бөлініп берілді. Ұлыбритания Маскат сұлтанатын Маскат және Занзибар деп, екіге бөлінуіне әсер етті. 1862 жылғы декларация бойынша британдықтар Занзибарға протекторат орнатты. Осылай 1890 жылы 24 қазанда Англия премьер-министрі Солсбери ағылшын-үнді билігіне Фейсалдан құпия түрде өзінің территориясын ешкімге бермеуін қарастыратын мәлімдеме алуын сұрады. Міне, осы міндеттеме Маскаттың Англия протекторатына айналуына әсер етті. 1891 жылы 19 наурыздағы келісім бойынша Сұлтан бірнеше құқығынан айырылды. Ал 1891 жылы 20 наурызда теңқұқылы емес келісімге отырды [2]. Бұл екі келісім ағылшындарға тиімді болды. Әрине бұл жағдайда британдықтар өздерінің агентурасын орнатты. Арабияны зерттейтін білгір Дж.Б.Келли: Фейсал Сұлтанның билігі шектелді [2]. Осындай колониалды шығанақтағы саясат «Келісімді Оманның» құрылуына себепкер болды десек болады.

Келесі Англияның көздеген мақсаты ол Бахрейн ал оның негізгі мақсаты Бахрейндегі таптырмас минералды ресурстар және орналасқан жері. Бахрейнде Ирандықтар әсерімен Португалдықтар қуылып шығылып, 1622 жылы Ирандықтар билігінің қол астына түсті. Бірақ Иранда басталған ішкі қақтығыстарға байланысты XVIII ғасырдың II жартысында Катар шейхі Ахмед 1793 жылы Бахрейнге шабуыл жасап жаулап алады. Ахмедтің ұлы Салман ваххабисттер тарапынан туған қақтығыстарға тойтарыс бола алмай, Катарға қайтуға мәжбүр болады. Міне, бұл туындаған жағдай Англия өте тиімді болды. Осының есебінен ағылшындарға ақырындап ваххабисттерді құртуға мүмкіндік туды. Бірақ 1808 жылы Ұлыбритания қарамағындағы Маскат имамы Султан Бахрейнді басып алады. 1822 жылы 30 тамызында Ширазда, Бахрейннің Иранға тәуелділігі мойындалған еді. Бірақ бұл фактіге қарамастан ағылшындар Бахрейннің саясатына ашықтан-ашық араласуын доғармады. Бахрейннің жағдайы тұрақсыз еді. Сонымен қоса ағылшындықтар Бахрейн мен Маскат

арасындағы кикілжінді 1828 жылы арандатып үлгерді [2]. Англияға жаңа мүмкіндік 1839 жылы беріліп, ол ағылшын-маскаттық яғни қарақшылық, құлсаудасына тыйым салынған келісім болды. Ал сол келісімге Бахрейннің қосылуы оның британ протекторатына айналуына себеп болды. 1847 жылы Англия Қарақшылар жағалауы билеушілерімен келісім орнатып оған Бахрейн қосылуға мәжбүр болды [1]. 1861 жылғы келісім бойынша Англия Бахрейнге протекторатын орнатты. Өз кезегінде Англия Бахрейді сыртқы агрессиядан қорғауға уәде берді. Бұл келісім Турция мен Иранға қарсы бағытталған саясат болды [3]. Бахрейн үкіметімен байланысын нығайтқысы келген Ұлыбритания, 1880 жылы Бахрейн шейхі Исаны «Бірінші айрықша келісімге» қол қоюға мәжбүрледі, бұл келісім Бахрейннің тәуелсіздігінен айырылуына біртіндеп әкеле жатты. Келісім күшін 1881, 1888, 1889 жылғы келісімдер нығайтты. Ал 1891 жылы қайтара «Бірінші айрықша келісімге» қол қойылды. Осы келісімдер біртіндеп Бахрейн архипелагын Ұлыбритания колониясына айналдырды. Бахрейнге жүргізілген ағылшын саясаты тікелей диктатуралық (үстемдік) араласуды ұстанғанын атап кетсек болады. Осы айтылған екі келісімнің арқасында Англия Бахрейнге шынайы гегемониясын орнатып және бұл дәрежесі тәуелсіз Британ протектораты дегенді білдірді.

Келесі Бахрейннен кейін ағылшындар саясатының негізгі объектісі ол Қатар болды. Негізінен жартыаралдың халықтық орны ол – Доха, Бида және Вакра деген лақап аттарымен танымал. Б.К. Буш атап көрсеткендей: «Доха-кішкентай провинциядағы кішкентай қала. Ал жергілікті халқы қырғи қабақтылығымен сипатталады» [5]. Бахрейді алғаннан соң бірге Қатарды қолдарына түсіру үшін, Англия Қатарды Бахрейннің қарамағында екенін мойындаған болатын [2]. Ағылшын саясатының тағы бір әдісі: XIX ғасырда британ колонизаторлары ішкі территория ісіне араласу үшін үнемі Бахрейн-Қатар қатынастарын қолдануы. Назар аудартқызытын тағы бір жайт ол Суэц каналының салынуы еді. Осы жүргізілген саясаттан кейін Қатар шейхі бану- хаджир Мухаммед бен Тани 1868 жылы 12 қыркүйекте Англиямен ерекше келісімге отырады. Бұл келісім Қатардың теңіздегі қандай да бір әскери істерден алшақ болу және Бахрейн басшылығымен кикілжіңге түспеу дегенді білдірді. 1882 жылы осы келісімді растайтын тағы жаңа келісімге қол қойғызуға мәжбүр етті. Соның есебінде Қатар іс жүзінде Англия протекторатына айналды. Бірақ формальды түрде Недж санджағының бөлігі болып саналды. Біршама түрік протестері, түрік гарнизонының Қатарға қолжетімділігі ешбірі Қатардың жағдайын сақтай алмады. Себебі, егер Англия Қатардан айырылып қалса онда ол Кувейт пен Аравияны жаулаусыз басып алу мүмкіндігінен және сол арқылы Парсы шығанағын «Британ өзеніне» айналдыру жоспары іске аспаушы еді. Бірақ Қатардың тағдыры шешіліп қойылды. 1916 жылы Ұлыбритания мен Қатардың келісімі, шығанақтағы Англияның колониалды саясатын біржолата орнықтырды.

Бахрейн және Қатармен қатарлас Англияның Шығыс елдеріне жүргізілген саясатында Кувейт кіняздігі де бар еді. Аравия жарты аралына кіруге мүмкіндік туғызатын географиялық және стратегиялық маңыздылығы Кувейтке туындаған британдық қызығушылығының бірден-бір себебі болды. Кувейттің маңыздылығын ұғынған Португалдықтар XVI ғасырдың соңында Әл-Курейн аралына өздерінің берік бекінісін орнатты. Кувейт тарихының бастамасы Бени Атбан тайпасының қоныстануымен сипат алады. Неміс ғалымы Карстен Нибур атап өткендей: Бени Атбан және Бени Халид тайпалары өте тату еді. Кейін татулықтарына билік үшін талас кедергі болды. Бірақ әл-Курейннің ең құлдырап, әлсіреген жағдайы ол ағылшын-франк және голландықтардың бәсекелестігінен туындады. Кувейт XVIII ғасырда түріктермен жауланып алынды. Осы тұста 1860 жылы Кувейт сипатын ағылшын шығыстанушысы Уильям Пелгрейв: «Кувейт қаланың ішінде де сыртында да үлкен даңқа ие. Оның себебі ол жоғарғы билікпен, саясаты және Парсы шығанағына саяхаттаған саудагерлерден, майталмандығымен ерекшеленген кувейттік теңізшілер кездеседі»- деп айта кеткен [2]. Профессор Абу Хаким: Кувейт пен Ост-Инд компаниясының арасында тіке байланыстар орнатылғанын, айта өткен [2]. Басра пен Алеппо қалалары тауарларының жөнелтілулері Кувейтте іске асқан. 1790-1860 жылдары аралығында Кувейттің сауда нүктесі есебінде, әлсіреуі көрінеді. Бұл әлсіреуі ваххабисттер әсерінен болған.

Осы тұста Парсы шығанағының XVIII ғасырда әлсіреуі қарақшылардың көбеюінен болуы әбден мүмкін. Олар әсіресе Ост-Инд компания кемелеріне шабуыл жасаушы еді. Бірақ бұлардың барлығы тек ішкі көрініс. Кувейтке ваххабиттермен, түріктермен, ирандықтармен күресте қолдау көрсету уәдесімен, Кувейт эмірі Абдаллахқа Ұлыбритания - протекторатын мойындауды ұсынады. Әрине бұл ұсыныс Абдаллахтан қолдау таппады, бірақ ағылшындарға бұл кедергі келтірген жоқ. Жаңа кувейттік эмир Сабах ибн Джабер ас-Сабах (1859-1866) 1859 жылы Недж әскерінің шабуылына төтеп бере алмай, ағылшындар флотының көмегіне жүгінеді. Міне бұл британ саяси резидентімен «одақтас қарым қатынас» құруға себеп болады [2]. Британдықтар біртіндеп биліктерін жергілікті саудаға және ішкі саясатына да араласып отырды. XIX ғасырдың 1870 жылы Германияның осы аймаққа ұстанымдарының күшеюі Англияның Кувейтке назарын одан бетер аудартты. Осыдан қауіптенген ағылшындықтар Кувейтке саяси династиялық кикілжің туындауына себеп болды. Сонымен 1899 жылы Кувейттің британ протекторатына айналуы оларды сабасына түсірді. Себебі ол Германияның теміржолды Парсы Шығанағына жеткізуге төтеп болды. Ұлыбританияның Кувейтті таяушығыстық иеліктеріне қосу туралы жоспары 1914 жылы орындалып, Кувейт британ протекторатына айналды.

Кейін басталған дүниежүзілік соғыстың себебі Бағдад теміржолының салынуымен байланысты. Америка шығыстанушысы М. Джастроу айтқандай: «Бұл Үндістанға Берлин арқылы бағытталған жол.» [2]. Бағдад жолының салынуы, ұлы державалардың үлкен бәсекелестігімен сипатталады. Суэц каналы ашылғаннан кейін британдықтар өз бағдарларын Үндістанға бұра бастады. Осының барлығы ағылшындықтардың Жерорта Теңізі мен Парсы шығанағына деген қызығушылығының жандануын білдірді. 1888 жылы Түркия арқылы созылатын теміржолға рұқсат беріліп, немістерге Измир-Анкара линиясының салынуына рұқсат берілді. Басында герман-түрік достастығына Англия онша мән бере қойған жоқ болатын. Бірақ ендігі тұста Англия Бағдад теміржол жобасына баса назарын аударды. Жобада территориялық, саяси, экономикалық тұстар қамтылды. Осы жерде атап өтерлік жайт ол, Британдықтардың түрік теміржолын салуға атсалысуы және оның себебі: Жерорта теңізімен парсы шығанағын байланыстыратын трансүріктік теміржол салу болатын. Бірақ Түркия бұл жағдайда өзгеше бағытты ұстанды. Ол өзінің сенімді серіктесі ретінде Германияны санады. Шыныменде, ұлы державалардан тек Германия ғана Осман империясына қауіп төндірмеді. Негізінде, Бағдад теміржолы Хайдар пашада салынуы керек еді. Бірақ алдын ала салынған француз, Англия рельстік-жолдары Осман империясын ақырындап сол жерден үзе бастады. Кейін түріктер неміс теміржол инженері Вильгельм фон Прессель жобасын қабылдап 1871, 1873 жылдары Хайдар паша линиясы салынды. Кейін 1888 жылы «Неміс Анатолия теміржол қауымдастығы» Хайдар паша линиясын сатып алды. Бірақ 1899 жылы түріктер бұл линияны қайтармақшы болады, бірақ жағдайлары келмей Германияның көмегіне жүгінеді. Неміс капиталисттерінің жобаларына сәйкес, барлық түрік жағалаулары немістерге тиесілі болуы керек еді. 1899 жылы «Дойче Цайтунг» газетінде жарияланғандай «Барлық жағалаулар немістермен алынғаннан кейін, біз тариф енгіземіз, бұл барлық бәсекелестіктерге нүкте қояды. Теміржолдар арқылы тек неміс тауарларын таситын болады. Солай Түркия неміс колониясына айналады»-деп атап өткен [3]. Әрине жоспарланған мақсаттар барлығы орындала бермейді. Германияның сол уақыттаға қаржы кризисі олардың қолдарына тұсау болады. Сонымен, 1886-1887 жылдары аралығында Англия Германиямен келісімдер нәтижесінде екі елдің Африка иеліктерінің шекаралары бекітілген еді. Бұл тұста және де ағылшын-орыс қарым-қатынасының жағымсыз болғанын атап өту қажет. Себебі ағылшындықтар Ресейдің «Британдық Үндістанға» шабуыл жасауға дайындалып жүргеніне сенімді болды. Онымен қоймай Германия Бағдад теміржолы құрылысы барысында Франциядан қолдау тапқан болатын. Осындай Ресей, Франция секілді дұшпандары Англияға әлдебір үрей туғызды. Жасап отырған неміс саясаты жаңа ағылшын саясатының пайда болуына себепкер болды десекте болады. 1901-1903 жылдар аралығында Берлин Париж арасында келіссөздер өтті. Осы Ұлы державаларға төтеп беру үшін неміс дипломатиясы күш аяған жоқ. Ұзақ күрес нәтижесінде соңғы пункт ретінде Кувейттің орнына Бағдад таңдалды.

Бағдад-Басра теміржолы ағылшындықтармен салынды. Күрес жолында Германия сахнадан кетіп, Англия бұл жолдың оңтүстік аумағын британ ұлылығының қаруына айналдырды десек болады.

Қорытындылай келе, осы айтылған факторларды ескере отырып барлығын төмендегідей 4 топқа бөлуге болады:

1. Парсы шығанағының геосаяси позициясы мен араб кіняздіктеріне Португалия, Франция және Осман империясы, Голландияның жаулап алу қызығушылықтарының артуы.
2. XV-XVI ғасырлардағы ұлы географиялық ашулардан кейін, жоғарыда атап өткен елдерді, XIX ғасырда әлдеқайда күшті капиталистік Англия ауыстырып, Оман, Маскат және Аден базаларын құруы.
3. Британдық экспансияның шешуші кезеңі Парсы шығанағындағы белсенді империалистикалық бәсекелестікке тұспа-тұс келді. Онда Франция, Германия, Ресей және басқалар қосылды. Бұл Багдад теміржолының құрылысы мен Ираннан басымдылықпен мұнай алу үшін күресі бірден-бір дәлелі.
4. Британдық колониялық саясаттың аяқталуы Бахрейн, Кувейт және Катарға протектораттар орнатуымен сипатталады. Осының барлығы Парсы шығанағының «Ағылшын өзеніне» айналуына әкеліп соқтырды. Бұл өз кезегінде Ұлыбританияның әлемдік ұлы державалар бәсекелестігінен алға жылжуын білдірді десек болады.

Қазіргі күнде Парсы шығанағы мұнайлы бай шығанақ болып табылады. Әрине Ұлы державалардың қызығушылығына осы себепкер болды. Көпжылдық Ұлыбритания мен АҚШ арасындағы күрестен нәтижесінде, екіншісі біріншісінен әлдеқайда мықты болып шықты. Мемлекеттік департаменттен ауқымды түрде қолдау тапқан Америка колониялары өздерінің позицияларын Ирак, Кувейт, Қатарда орнықтыруға және Иранның мұнайлы байлығына көз тікті. Сонымен ағылшын-америкалық күрестің нәтижесінде, Таяу және Орта шығыста «ағылшын өзенінің» соңына нүкте қойылды. Ал Парсы шығанағы «Әлемдік мұнай империясы» құрамына кірді. Негізінен Парсы шығанағы саясаты қай тұстан болмасын, қай уақытта болмасын, шетелдік тарихи ғылыми жағынанда өте өзекті, көкейкесті мәселе болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Новая история стран Азии и Африки. XVI–XIX вв. Учебник для ВУЗов (Владос)/ [А.М. Родригес] под ред. А.М. Родригеса: в 3 ч. ООО «Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС», 2004. -511 с
2. Ахмедова, Лаура Шарабутдиновна. Политика Англии в зоне Персидского залива в последней трети XIX - начале XX вв. : 1870-1914 : автореферат дис. ... кандидата исторических наук : 07.00.03 / Дагестан. гос. ун-т. - Махачкала, 2004. - 22 с.
3. [Электронды ресурс]/Politike.ru./termin/anglo-bahreinskie-dogovory-i-soglashenia.html
1. 4. Павлович. М. Империализм и борьба за великие железнодорожные и морские пути будущего. Собр. соч. Т. II. С. 38-39.

ӘОЖ 398.3

КОРЕЙ ЫРЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сайлаубекова Мөлдір Бейсембекқызы

s1moldir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ж. Абжаппарова

Қазіргі таңда әр халықтың сенетін ырым – тыйымдары бар. Ырым – ол еш білімге негізделмеген сенім. Бұрынғыда адамдар кез келген істі бастауда бір белгі болуын қалап,